

1998 жылғы 24 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалығы туралы келісімге Тәжікстан Республикасының қосылуы туралы хаттаманы және 1998 жылғы 24 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалығы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 229 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

1) 2002 жылғы 26 ақпанда Мәскеу қаласында жасалған, 1998 жылғы 24 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалығы туралы келісімге Тәжікстан Республикасының қосылуы туралы хаттама;

2) 2002 жылғы 26 ақпанда Мәскеу қаласында жасалған, 1998 жылғы 24 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалығы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғызстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы 1998 жылғы

24 қарашадағы келісімге Тәжікстан Республикасының қосылуы туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғызстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі бір тараптан және Тәжікстан Республикасы екінші тараптан,

"1996 жылғы 29 наурыздағы экономикалық және гуманитарлық салаларда ықпалдастықты тереңдету шартына Тәжікстан Республикасының қосылуын құқықтық ресімдеу туралы" 1999 жылғы 26 ақпандағы Мемлекетаралық Кеңестің N 34 шешімі және Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғызстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы келісімнің 23-бабын басшылыққа ала отырып,

Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғызстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы келісімге Тәжікстан Республикасының қосылуы туралы үндеуін назарға ала отырып,

Бірыңғай еңбек рыногын құруға Тараптардың талпынысын ескере отырып, білім, ғылым және мәдениет саласында Тараптар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен тереңдетуді жетілдіруді тілей отырып,

білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттардың белгіленген нормаларын өзара тануға талпына отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғызстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы келісімге (бұдан әрі - Келісім) Тәжікстан Республикасы қосылады және осы Келісімнен туындайтын құқық пен міндеттерді толық көлемде қабылдайды.

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бір бөлігі болып табылады.

3-бап

Тараптар Тәжікстан Республикасының қосылуына байланысты Келісімге қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, олар жеке Хаттама болып ресімделеді.

4-бап

Осы Хаттаманың Депозитарийі болып Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Ықпалдастық Комитеті болып табылады.

5-бап

Осы Хаттама қол қойылғаннан кейін уақытша қолданылады және депозитарийге Тараптардың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы соңғы жазбаша хабарламаны сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданыстағы кезеңінде әрекет етеді.

2002 жылғы 26 ақпанда Мәскеу қаласында бір түпнұсқалы данада орыс тілінде жасалды. Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы Тараптардың әр біріне расталған оның көшірмесін жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Ықпалдастық Комитетінде сақталады.

Б е л а р у с ь

Республикасының

Үкіметінен

Үкіметінен

Қ а з а қ с т а н

Республикасының

Үкіметінен

Үкіметінен

Р е с е й

Федерациясының

Т ә ж і к с т а н

Республикасының

Қ ы р ғ ы з с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметінен

Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан

Республикасының Үкіметі, Қырғызстан Республикасының

Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім,

ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара

тану және олардың баламалылығы туралы 1998 жылғы 24

қарашадағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы

ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғызстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясы Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі, Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғызстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы келісімге қосылу туралы хаттаманың 3-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғызстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы қосылу келісімінің (бұдан әрі - Келісім) аты және Келісімнің кіріспе сөзіндегі бірінші абзацындағы "Ресей Федерациясы" деген сөзден кейін оған тиісті септік жалғаулармен "және Тәжікстан Республикасының Үкіметі" деген сөзбен толықтырылсын.

2-бап

Келісімнің кіріспе сөзіндегі төртінші абзацында "төртжақты" деген сөз "көпжақты" деген сөзбен ауыстырылсын.

3-бап

Келісімнің 2-бабы "Ресей Федерациясында берілетін" деген сөзден кейін "Тәжікстан Республикасында берілетін, аяқталмаған орта білім туралы куәлік" деген сөзбен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

4-бап

Келісімнің 3-бабы мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Тәжікстан Республикасында берілетін орта білім туралы аттестат".

Аталған баптың бесінші абзацы жеке алтыншы абзац болып саналсын.

5-бап

Келісімнің 4-бабы "Ресей Федерациясында берілетін" деген сөзден кейін "Тәжікстан Республикасында берілетін арнаулы орта білім туралы кіші маманның дипломы" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

6-бап

Келісімнің 5-бабы "Ресей Федерациясы" деген сөзден кейін "Тәжікстан Республикасында берілетін кіші маманның дипломы (жоғарғы білім базасында)" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

7-бап

Келісімнің 6-бабы "Ресей Федерациясы" деген сөзден кейін "Тәжікстан Республикасында берілетін аяқталмаған жоғарғы білім туралы куәлік" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

8-бап

Келісімнің 7-бабы "Қырғызстан Республикасында" деген сөзден кейін "Тәжікстан Республикасында берілетін толық жоғарғы білім туралы маманының дипломына нормативтік оқу мерзімі 5 жыл кәсібін беру, Медициналық университеттен басқа" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

9-бап

Келісімнің 8-бабы мынадай мазмұндағы редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасында, Қырғызстан Республикасында, Тәжікстан Республикасында және Ресей Федерациясында берілетін бакалавр дәрежесін беру туралы куәландыратын бакалавр дипломы кәсіптік жоғарғы білім туралы, жоғарғы білімді жалғастыру және Тараптар мемлекетінің аумағында жұмысқа қабылданған кездер тараптар тарапынан танылады, егерде құжатты берген білім мекемелері білім туралы құжаттардың баламалылығын өзара тану жөніндегі белгіленген органдардың өлшемдеріне жауап береді."

10-бап

Келісімнің 9-бабы мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын: "Тәжікстан Республикасында берілетін жоғары білім туралы маман біліктілігінің берілгендігі туралы куәландыратын диплом".
Аталған баптың бесінші абзацы жеке алтыншы абзац болып саналсын.

11-бап

Келісімнің 10-бабы мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Тәжікстан Республикасында берілетін жоғары білім туралы магистр дәрежесінің берілгендігі туралы куәландыратын дипломы".

Аталған баптың бесінші абзацы жеке алтыншы абзац болып саналсын.

12-бап

Келісімнің 13-бабының екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын: Білім туралы құжаттарды өзара тану жөніндегі орган білім туралы құжаттарды тану өлшемдері жөнінде шешім қабылдайды және Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Ықпалдастық Комитеті бекіткен Ереже негізінде әрекет етеді, Хатшылық осы органның қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

13-бап

Осы Хаттаманы қолданумен байланысты туындаған даулы мәселелер Тараптардың келіссөздер және кеңестері арқылы шешіледі.

14-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып саналады.

15-бап

Осы Хаттаманың Депозитарийі Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Ықпалдастық Комитеті болып табылады.

16-бап

Осы Хаттама қол қойылғаннан кейін уақытша қолданылады және депозитарийге Тараптардың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы соңғы жазбаша хабарламаны сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданыстағы кезеңінде әрекет етеді.

2002 жылғы 26 ақпанда Мәскеу қаласында бір түпнұсқалы данада орыс тілінде жасалды. Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы Тараптардың әр біріне расталған оның көшірмесін жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Ықпалдастық Комитетінде сақталады.

Б е л а р у с ь
Республикасының
Үкіметінен *Үкіметінен*
Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Үкіметінен *Үкіметінен*

Р е с с е й
Федерациясы

Т ә ж і к с т а н
Республикасының

Қ ы р ғ ы з с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметінен